

МЕХМЕТ АЛИ ЙЫЛМАЗ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ ДӘСТҮРІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Айтыс – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы мен, қайғысы саяси- шаруашылық тұрмысы мен мәдени дәрежесі, заман идеологиясы, әдет-ғұрпы, жалпы әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары бәрі көрінеді. Сондықтан айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау боп бұтақталып кетеді, сол бұтақтардың бәрі халық тұрмысының шындығын біршама дұрыс та дәл бейнелей алады [1,5].

Айтыс – бүкіл түркі халықтарында ертеден бері өмір сүріп келе жатқан және көпшілік алдында импровизация, бетпе-бет өлең оқуға негізделген сөз жарысының бір түрі. Айтыс қазақ және түрік әдебиеттерінде ақындардың еңкеп қолданған және өнерлерін паш ететін бір жарыс. Бұл жарыстарда халық көңілін көтерумен қатар ақындар мен олардың өкілдік еткен маңай мен қоғамның жарысы бар. Бір ақынның айтыста жеңіп шығуы тек оның ғана жетістігі емес, халқының немесе жүзі мен руының абырой, мәртебесін арттырған.

Айтыс жанры ерте замандарда тек қазақ және түрік емес, дүниежүзіндегі көп елдердің тарихында орын алған. Ерте замандарда айтыс қазіргі Шығыс және Батыс елдерінде кенінен тараған еді [2,12].

Соңғы кездерге дейін көшпелі өмір сүріп келген қазақ, түрік пен монғол сықылды елдердің көбінде айтыс жанры бар. Бұл жанрдың тууына және өркендеуіне бас себеп – бұл елдердің сауатының аздығы, мектебі, оқуы жоқтың қасы болуы. Мектебі, оқу, қалам, қағазы жоқ елде ақынның күші ауызға түседі. Басқа жанрлар сықылды айтыс жанры да ауызша өркендеді.

Түркі тектес халықтарда айтыстың ертеде өзге жанрлардан басым сала болып келгенін дәлелдейтін ескерткіштердің бірі – М. Қашқаридың «Диуани Лұғат ит түрік» атты еңбегі. Осында берілген «Жаз бен Қыстың айтысы» өзінің сыртқы түр-құрылысы мен мазмұны жағынан мысал айтыстың бағзы бір әсем үлгілерін еске түсіреді. Тіпті, өзін дәріптей аспанға көтеріп, қарсыласын тұқырта сынап, аяусыз мінеп шенеуі жағынан бұл нұсқа өзіміздегі ақындар айтысына да көп ұқсас. Табиғаттың от пен судай бір-біріне қарама қарсы кезендерін әдейі

беттестіріп, екеуін қолма-қол айтыстыру арқылы ол табиғат пен адам өмірін астастыра, шендестіре бейнелеуді мақсат етіпті. Айталық, айтысты алғаш бастаған Қыс өзін бірден көкке көтере дәріптеп:

Ауруды емдедім,
Қуаттанар ерлерім.
Тұлпарларды жемдедім,
Күш беремін тәнге де...
Ауру- сырқау тынады,
Дұшпандар да бұғады, –

деп, келесі бір сәтте қарсыласы Жазға үлкен мін таға сөйлейді:

Айдыңнұры төгілді,
Жұлдыздар да өрілді.
Ақша бұлтар көрінді
Шапқылады бұлақтар.
Қарашы кепкен сайларды,
Жасыл көлге айналды,
Жер жасарып жайланды,
Лебі есті өмірдің[3,28].

Айтыстың белгілі бір халықтарда жиі я сирек кездесуі сол қоғамның, халықтың тіршілік жағдайларымен байланысты.

Қазақ халқының өмірі көшпенділікпен өтетін. Бұл тіршілік жағдайы дәстүрлі элементтердің қолданылуын және динамикасын арттыра отырып айтыс өнерінің үнемі назарда болуын көздеген. Той-думан, шілдеханаларда, бесік тойларда айтыстың ұйымдастырылуы дәстүрлі болған. Қазақ айтыс дәстүрінің XVI–XVIII ғғ. кездескенін білсек те, бұл өнер түрлері ауызша болғандықтан елімізде бұл дәуір айтыстары туралы мәліметтер кездеспейді. Бірақ сол ғасырларда айтыстың кенінен тарағаны даусыз.

Түркияда ақындар айтысына «атышма», «дейішме», «қаршылама», «қаршыбери» деген атаулар берілген. Қазақ әдебиетіндегі сияқты түрік айтыс дәстүрі де ерте ғасырлардан бастау алады. Алайда бізде XIX ғ. бұрынғы айтыстар жайлы мәліметтер жоқ. Жоғарыда айтылғандай, мұның себебі – бұл өнер түрлерінің ауызша тарағаны және импровизацияланып жазбаша түрінің болмауы.

Түрік әдебиетінде ертеде айтыстар көбінесе шайханаларда ұйымдастырылып отырған. Сонымен қатар той- думандарда және ауыл алаңдарында ай-

тыс жарыстары өткізілген. Кейін келе мұндай жарыстар маңызды күндер және мерекелерде де халық назарына алына бастады. Әсіресе, жыл сайын ұйымдастырылып және ақындардың бір жерге келіп жарысуы ақындар мерекесінде де өткізілді. Мысалы, Кония ақындар мерекесі, Сивас ақындар мерекесі, т.б. сияқты.

Қазақ ақындар айтысы ерекшеліктеріне қарай Түре және Сүре айтыс болып екіге бөлінеді. Түрік ақындар айтысының Түре айтысымен ұқсастықтары бар, яғни бір шумақтан құралып қысқаша айтылатын өлеңдер. Бірақ бұл өлеңдер дәл сол уақытта импровизацияланып ойдан шығарылған өлеңдер.

Түрік халқының айтысында өлеңнің пішіні өте маңызды. Ақын қарсыласының сөзіне әрі жауап беріп, әрі ұйқас ережелеріне сәйкес өлең айтуы тиіс. Қарсыдағы ақын өлеңді қандай ұйқаста айтса немесе одан бұрын қандай ұйқаста айтылатынын келіссе сол ұйқаспен жалғастырулары керек. Әсіресе, өлең өлшеміне мән беріліп, өлеңдер белгілі бір тәртіпке бағынуы керек, яғни ақын дайындаған жауабын әсерлі әрі көркем жеткізіп әрі өлең ұйқасына қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

Қазақ айтысының Түрік халқының айтыс дәстүріне қарағанда бірнеше түрлері бар және біршама дамыған.

Қазақтың ескі тұрмысында ақындардың айтысы жүйрік аттардың бәйгесімен бірдей болған. Жарыста озғанға бәйге тігіліп, бәйгені қай жеңгені алған. Осылайша қазақтың ескі әдетінде жарысқа түскен жүйрік те, айтысқа түскен ақын да өз намысы үшін емес, ел намысы үшін түседі. Бәйгеге шапқан аттың озғанын ат иесі ғана емес, сол ат иесінің елі болып тегіс тілейді. Бәйгеде озған атқа мініп шапқан бала қарақшыға жақындағанда ұранға ат иесінің есімін шақырмайды, ру есімін шақырады.

Ақын да солай. Қазақтың ескі әдетімен айтысын ақындардың әрқайсысы өз елін артық көрсетуге тырысады, қарсы ақынның елін жамандап, мінін табуға, кемшілігін көрсетуге тырысады. Ақындардың айтысы осылай ел намысына тиетін болғандықтан, ешбір ақынды оның өз елі сынап алмай, қиын айтысқа жібермейді. Сондықтан ақын болғысы келген адамдар өзінің ақындық күшін әуелі жастардың эзіл-оспағында, ойын-сауығында, әдет жағдайларында (құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана т.б.) көрсетіп, өз ауылының, өз елінің мөлшерінде ақын деп танылып, үлкен күрделі айтысқа содан кейін түседі. Қазақ әдебиетінде айтыстың кеңінен тарауы айтыстың бірнеше түрлерінің тууына себеп болды. Тек ақындар айтысы өз ішіне Түре айтысы,

Сүре айтысы деп екіге бөліне тұрып, бұлар да өз ішінде бірнеше түрлері бар. Мысалы, Түре айтыстыңқайым өлең, қара өлеңсияқты түрлері бар.

Ал түрік әдебиетінде айтыс бөлімдерден тұрады [4,47]. Бұл бөлімдердің қоршаған ортасына байланысты мынадай біраз айырмашылықтары бар:

I. **Хошлама** (Бастау -Сәлем беру- Қош келдіңіз!)

Айтыстыңбірінші бөліміне «Сәлем беру- Қош келдіңіз» деген атау беріледі. Бұл бөлімде айтыскерлер көрермендерді және бір-бірін «Қош келдіңіз», «Сәлем бердік» деген сияқты *шилтыс ұйқастардан* тұратын шумақпен басталады. Көрермендерге сәлем беруді айтыскерлер кезектесіп те немесе өзі де айта алады. Бастауды әсерлеу, бейнелеу үшін маңызды қонақтарға (облыс бастығы, әкім, бастықтар, өкілдерге) да бір шумақ арналады.

Мысалы:

Рейхани:

Ерзурумға Чукровадан
Әй, меніңжолаушым қош келдің!
Көп тиіспеймін, қорықпадан
Шипам сен қош келдің!

Феймани:

Өңгімені жалғастырған жолдастар
Бауырым, жолдасым қош келдің!
Жүрегімде бір сыз бар,
Ем берушім Локманым қош келдің!

II. **Хатырлатма** (Еске түсіру)

Ақындар бұл бөлімде өздеріне дейінгі өмір сүрген халық ішіндегі сүйікті ақындардың бейнесін суреттей отыра кезектесіп айтысады.

III. **Текеллүм** (Өңгімелесу)

Бұл халық арасында көп тараған және шеберлікті, пысық болуды талап ететін айтыс түрі. Халықтың қалауы бойынша немесе ақындардың өз арасындағы бәсекеге байланысты бір тақырып аясында өңгіме түрде өтеді. Екі ақын берілген ұйқаста, белгіленген тақырыпта айтысты бастайды.

Бұл жарыста ақындар бірнеше шумақпен бір-бірлерін таныстырады. Одан кейін тақырыпқа байланысты айтысады, өздерін мақтайды. Бір ақынның екінші ақыннан жоғары болғанын шеберлікпен көрсетуге тырысады. Жарыстың кульминация кезінде бір-бірін кемсітетін, жақтырмағанын көрсететін шумақтарды айтады. Бұл кезең көрермендердің әуестікпен тамашалайтын кезеңі болып табылады. Айтысты жалғастыра ақындар бір-бірінен кешірім сұрап, қарсыласының басым жақтарын мойындап айтысты бітіреді. Айтыстың бұл бөлімі 8 бөлімнен тұрады.

a. **Аяк ачма** (Ұйқастыру) Жасы үлкен ақын

белгілі бір ұйқаспен сөзін бастайды. Белгілі тәртіпке сүйенбей әңгіме түрінде жүреді.

ә. Өгүтлеме (үгіттеу-насихаттау) Бұл бөлімде ақындар тура ұйқаспен бір-біріне дұрыс жол көрсетеді, тәжірибелерімен бөліседі, үгіт-насихат береді. Шумақтардың көлемі шексіз. Ақын қарсыласының сабырлы болуын, кезегі келгенде тоқтату мақсатымен бір-екі шумақ айтып, айтысты бітіреді. Қазақ әдебиетінде бұл өлентүрлеріне «терме» атауы берілген.

Мысалы:

Абдулвахап Кожаман:

Сөзімді тындасаңсаған бір үгіт
Соңын білмеген жолдан аулақ тұр.
Теректіңжанына тал тігілмес
Жеміссіз ағаштан, талдан аулақ жүр.

Феймани:

Алып кетер сені бір тұңғиыққа
Ағысы күшті судан аулақ тұр.
Бір сөзге мыңсөз сөйлеп жалғайтын
Ниеті бұзылған адамнан аулақ тұр.

б. Бағлама-Муамма (жұмбақ айтыс). Жұмбақ айтыс – айтыстардың ішіндегі еңмаңыздыларының бірі. Ақындар діни тақырыптарда және мұсылман аңыздардан бір-бірін сынайды. Бұл бөлімде өте ауыр ұйқастарды да қолданады. Ақындар бір-бірін әрі білім, әрі өнер жағынан сынайды.

Мысалы:

Ақын Хажы:

Бір сауалым бар Ақын Имами,
Қасиетті кітабымныңбасын сөйле.
Маған сен, сөздерім шын жүректен,
Толыға жанаспа басқа сөйле.

Ақын Имами:

Сұрағыңа жауап алғыңкелсе
Бисмилла Құранныңбасы емес пе?
Мағынасыз, мәнсіз сөз шықпас сенен
Сөздіңбасы надандарда емес пе?

Бұл бөлім қазақ әдебиетіндегі жұмбақ айтысқа ұқсас. Мысалы: Қыз Болық пен Елентайдыңқайым айтысы да діни тақырыбына арналған қадамынан-ақ Болық:

Ақын жігіт атанған Елентайым,
Өнерпаздыңөнерпаз білер жайын,
Жауап бер, бір азырақ сөз сұрайын,
Әуелі не жаратты бір құдайым? –

дейді.

«Жер мен көк жаралды елден бұрын», – деп, Елентай жауап береді. «Не нәрседен бар етті жер мен көкті?», – дейді Болық.

Елентай:

Құдайым әуелінде жер жаратты,

Дүниені ел сыйғандай кеңжаратты.
Болыпты меруерттер ірімен,
Көбіктен тоғыз қабат көк жаратты.

Айтыстыңжалғасы жерді өгіз, өгізді қара тал көтеріп тұрғандығы жайлы.

в. Сиджиллеме(нараздану) Жұмбақ айтыста жеңімпаз жеңілген ақынды кемсітеді. Руына байланысты, адамдығына байланысты ауыр сөздер айтады. Оған қоса жеңімпаз ақын ол ақынға ескерту жасау үшін нараздандырады. Бүгінгі таңда ақындар бір-бірін келеке етіп қана қояды, бұл іс ары қарай бармайды. Ақыныңруын, тегін кемсітпейді.

г. Йаланлама (көпірту) Айтыстыңбұл бөлімінде ақылға сыймайтын өтіріктерді өлеңге ұйқастырады. Айтыстыңеңкізгі түрі. Ақындар еңаз бес шумақтан тұратын «кошма дөрт-лүклерін» қолданады. Қазақ әдебиетінде өтірік айтыс деген ұғым жоқ, бірақ өтірік өлеңдер кеңінен тараған.

д. Түкетмедже (келеке ету) Ақындар бір қоғамның, бір жердің немесе бір-бірінің кемшіліктерін, қателерін, жаман жақтарын өздеріне ерсі келген оқиғаларын кекете сөз етеді.

е. Леб дегмез (ерін тимес) Ақындар қиын ұйқасты, яғни ерін тимес **б, м, в, п, ф**, яғни айтыс кезінде өлеңжолдарында бұл әріптер қолданылмауы шарт. Өлең жолдарында бұл дауыссыздарды қолданған ақын жеңілген болып есептеледі. Еріндерінің арасына моншақты ине қойылып, көрермендер қызығушылығын тудырады. Қазақ әдебиетінде бұл айтыс түрі жоқ.

ж. Уғурлама (шығарып салу) Айтыстың соңғы бөлімінде ақындар бір-бірлерін мақтап, құрмет көрсетіп айтыс тамаша бір әуенге түседі. Ақындар бұл бөлімде бір-бірінен, көрермендерден кешірім сұрап айтысты бітіреді. Кейде ақындар ренжісуге дейін барады. Бірақ жасы кішкентай ақын ұрыс шығармау үшін кешірім сұрап өкпелеуге жол бермейді.

з. Ташлама (Атысу) Айтыстың бұл бөлімінде ақындар кейде қалжыңдасу, кейде нараздану мақсатымен қарсыласын, бір жағдайды көңілінен шықпайтын басшыны немесе қоғамды сынайды. Түрік әдебиетінде айтыстыңбір бөлімі қазақ айтысыныңнегізгі және жалпы сипаттамасы болып келеді.

Керіп отырғанымыздай, түрік әдебиетінде айтыс бөлімдерден тұрса, қазақ әдебиетінде айтыстыңтүрлері бар. Қазақ айтысы дамыған және әлі де өз қолданысын тауып халық көңілінен шығуда. Қазақ айтысының түрік айтыстарынан маңызды бір ерекшелігі қыз айтыскерлердің жиі кездесуі және қыз бен жігіт айтысының болуы. Мысалы: Біржан мен Сара, Ұлбике мен Мәделі, Кершімбаи мен Боз-

дақ, үмбетәлі мен Нұрила, Омарқұл мен Тәбия т.б.

Қорыта келгенде, айтыс қазақ халқында да осы күнде өз өмір сүруін тоқтатпаған және халық көңілінен шыққан көркем сөз жарысы. Бұл өнер түрінде тек өлеңайту жеткіліксіз. Өлеңайтуда қарсыластардың қиын жағдайда қалуы мүмкін емес. Ақын еңкөркем сөздерімен қарсыласын қинап, жеңуі керек. Ақындар кейде жеңіп, кейде жеңіліп жарысса, кейде тілдерін ұстартып, өздерін дайындайды. Бұл қазақ әдебиетінде де, түрік әдебиетінде кездесетін өзгешелік. Қазақ және түрік айтыстары ауқымды әрі салыстырмалы түрде қолға алынып зерттелді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұқанов С. Айтыстар туралы // Айтыс. Алматы: Жазушы, 1988.

2. Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Айтыс. Алматы: 1960.

3. Махмұд Қашқари. Жаз бен Қыстыңайтысы. Алматы: Жалын, 1985.

4. Гунай У. Түркияде Ашық Тарзы Шиир Геленеги ве Руйа Мотифи, Акчағ Йайыңлары. Анкара, 1993.